

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 30 желтоқсандағы N 1859 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1998 жылғы 31 желтоқсан N 1391

Республикалық бюджет шығыстарын оңтайландыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Қазақстан Республикасының мемлекеттік арнаулы қазынашылық міндеттемелерін шығарудың, айналысқа енгізудің және өтеудің тәртібі туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 30 желтоқсандағы N 1859 P971859_ қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 1997 ж., N 57, 520-кұжат; 1998 ж., N 10, 78-кұжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

аталған қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының мемлекеттік арнаулы қазынашылық міндеттемелерін шығарудың, айналысқа енгізудің және өтеудің тәртібі туралы ережеде:

9-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"9. Арнаулы қазынашылық міндеттемелерінің номиналдық құнына, 2000 жылдың 1 қаңтарынан бастап, Ауқымды сертификатта келтірілген сыйақы (мүдде) есептеледі";

15-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"15. Есептелген сыйақыны (мүддені) төлеу 2000 жылдың 25 маусымынан бастап тиісті күнге әрбір алты айдан кейін, осы Ереженің 9-тармағында көрсетілген сыйақы (мүдде) есептелген күннен бастап, арнаулы қазынашылық міндеттемелердің айналым мерзімі шегінде жүргізіледі. Есептелген сыйақыны (мүддені) төлеу күні демалыс немесе мереке күніне сәйкес келген жағдайда, сыйақы (мүдде) есеп айырысу күнінен кейінгі бірінші жұмыс күні төленеді";

Мемлекеттік арнаулы қазынашылық міндеттемелерін шығарудың, айналысқа

енгізудің және өтеудің тәртібі туралы ережеге қосымшаның үшінші бөлімінің сегізінші абзацы (Қазақстан Республикасының мемлекеттік арнаулы қазынашылық міндеттемелерін шығарудың ауқымды сертификаты) мынадай редакцияда жазылсын:

"Сыйақыны (мүддені) есептеу күндері, 25.06.00, 25.12.00, 25.06.01, 25.12.01, 25.06.02, 25.12.02, 25.06.03, 25.12.03, 25.06.04, 25.12.04, 25.06.05, 25.12.05, 25.06.06, 25.12.06, 25.06.07, 25.12.07".

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Премьер-Министрі

Оқығандар:

Қобдалиева Н.

Нарбаев Е.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК